

"Балқаш ауданының Құрметті азаматы" атағын беру Ережесін бекіту туралы туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Балқаш аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 ақпандасы N 28-144 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Балқаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 25 наурызда N 2-6-68 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш аудандық мәслихатының 2011 жылғы 18 қарашадағы N 55-257 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш аудандық мәслихатының
18.11.2011 N 55-257 шешімімен.

Р К А О е ск е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1)-тармағының 12-2) тармакшадарына сәйкес Балқаш аудандық мөслихаты

ШЕШИМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Балқаш ауданының құрметті азаматы" атағын беру туралы Ережесі
қосымшаға сәйкес бекітілсін.
 2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен
сон қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрағасы

А у д а н д ы к *м ә с л и х а т*
Ноғайбай Марат Нураұлы

хатшысы

Ақылбеков Қанат Ақылбекұлы

Балкаш

аудандык

МЭСЛИХАТЫНЫН

2010

Ж Ы Л Ф Ы

24

АКПА НДАҒЫ

N

2 8 - 1 4 4

ш е ш i м i н e

КОСЫМША

"Балқаш ауданының құрметті азаматы" атағын беру ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. "Балқаш ауданының құрметті азаматы" атағын беру туралы Ереже Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6- бабының 1) тармағының 12-2) тармақшаларына сәйкес әзірленді.

2. "Балқаш ауданының құрметті азаматы" атағын беру марапатталатындардың ауданының экономикалық, әлеуметтік және рухани дамудағы айрықша еңбектері үшін, қоғамда алатын орнын танытатын мәні зор ынталандырудың бірі болып танылады. Азаматтардың еңбек және қоғамдық белсенділігін арттыруға, олардың ауданының экономикалық және әлеуметтік дамытудағы күш-жігерін көтермелеге, ескелен ұрпақты Отан сүйгіштік пен халқының жанашыры болуға шақырады.

3. "Балқаш ауданының құрметті азаматы" атағы мәдениет, білім, денсаулық, құрылымдардың салаларындағы, ауданының әлеуметтік-экономикалық дамудағы міндеттерді шешуге айрықша үлес қосқан және ауданының қоғамдық өміріне белсенді қатысқан айрықша еңбегі, жоғары кәсіби шеберлігі үшін, өндіріс саласында, бизнес, шығармашылық, спорт, мемлекеттік қызметтегі, қоршаған ортаны қорғаудағы жоғарғы жетістіктерін, қайырымдылық пен мейірмандық қызметтер жасауда қосқан үлестерін ескеріп беріледі. Ол адам Балқаш ауданы мен өнірінің аумағында өмір сүріп, еңбек етуге тиісті.

4. "Балқаш ауданының құрметті азаматы" атағы аудан халқына, ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына жасаған қамқорлығы, сінірген еңбегі үшін немесе жекелеген адамдардың өмірде қол жеткізген жетістіктеріне (шығармашылықта, ғылымда, кәсіпкерлікте) орай құрмет білдіру мақсатында басқа аудандар мен қалаларда тұратын азаматтарға берілуі мүмкін.

2. "Балқаш ауданының құрметті азаматы" атағын беруге ұсыныс тәртібі

1. "Балқаш ауданының құрметті азаматы" Қазақстан Республикасының даталы күндері, Ұлттық, мемлекеттік мерекелеріне орай беріледі.

2. "Балқаш ауданының құрметті азаматы" атағын беру еңбек ұжымдары саяси партиялар, қоғамдық және діни бірлестіктер ұсынған, сондай-ақ, жергілікті қоғамдық жиналыштардың шешімдері негізінде аудан әкімінің ұсынысымен аудандық мәслихат сессиясында қаралып, шешім қабылданады.

Ауданының Құрметті азаматы атағы берілуіне аудан әкімі бастамашы бола алады. Қолдаухатқа жиналыш, мәслихат хаттамаларының, кандидаттың айрықша сінірген еңбегін растайтын құжаттарының көшірмелері, өмірбаяндық мәліметтері тігіледі. Атақ беру туралы өз кандидатурасын ұсынған жеке тұлғалардан түсken қолдаухаттар қарастырылмайды.

3. "Балқаш ауданының құрметті азаматы" куәлігі мен төсбелгісін жасауды

аудан әкімі аппараты жүзеге асырады.

4. "Балқаш ауданының құрметті азаматы" куәлігі мен төсбелгіні аудан әкімі мен мәслихат хатшысы салтанатты жағдайда тапсырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК